Бекітемін:
«Balym-Ai»ЖШС
бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі: Толендиева Г.Б.

2025-2026 жыл педагогикалық кеңес жоспары

2025-2026 педагогикалық кеңес жоспары

МДҰ педагогикалық кеңесі		
Тақырыбы, міндеттер, мазмұны	**Мерзімі**	**Жауапты**
№1-педагогикалық кеңес **Орнықтырушы педагогикалық кеңес** **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт: МДҰ 2025–2026 оқу жылындағы даму перспективалары». **Мақсаты:** педагогтерді МДҰ қызметінің жазғы кезеңдегі қорытындыларымен таныстыру, МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызметінің жоспарын қабылдау және бекіту, МДҰ ұжымының тәрбиелеу-білім беру процесінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін күш-жігерін біріктіру.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1.МДҰ жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысын талдау. 2. Тексеру қорытындысы бойынша МДҰ оқу жылына дайындығын талдау. 3. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту: -МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау; - «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру; - пилоттық жоба шеңберінде педагог қызметкерлерді аттестаттау. 4. Бекіту: - вариативті, жеке бағдарламалар, ұйымдастырылған іс-әрекет регламенті, күн режимі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарау және қабылдау; - 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - жұмыс циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5. МДҰ лицензиялауға дайындық. 6.Педагогтерді жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру.	Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике, педагогтер

7. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.		
№1-педагогикалық кеңеске дайындық		
1. Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының нәтижелері туралы талдамалық есеп жасау. 2. Жаңа оқу жылына қажетті әдістемелік әдебиеттерді іріктеу. 3.Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту. 4. Оқу жылына ата-аналар бұрыштарын безендіру. Ата-аналармен жұмыс жоспарын әзірлеу. 5. Біліктілікті арттыру және аттестаттау кестесін дайындау.	Тамыз Мамыр-тамыз 20 тамызға дейін	МДҰ педагогтері
№2-педагогикалық кеңес **Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану» **Мақсаты:** қазіргі педагогтің кәсіби дайындық жүйесіндегі тәрбиешінің рөлін ашу; педагогикалық білім жүйесіне тәрбиешінің рөлін енгізу, оның білім беру процесін құрудағы маңыздылығын көрсету.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1.№1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2.«Педагогтің өз білімін жетілдіруі және өзін-өзі дамытуы – білім беру процесінің серпінділігінің кепілі» тақырыптық тексерудің қорытындылары. 3.«МДҰ-да тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз сөйлеу (ашық іс-шараларды талқылау: тәлімгер – жас маман). 4.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Желтоқсан	Меңгеруші, әдіскер, психолог, педагогтер
№2-педагогикалық кеңеске дайындық		
1.Консультация: «Қазіргі білім берудегі тәлімгерліктің рөлі». 2.Семинар практикум: «Тәлімгерлік, МДҰ-да жаңа педагогтердің кәсіби қызметінің қалыптасу факторы ретінде». 3.«Озық тәжірибе эстафетасы» практикумы.	Қазан-қараша	МДҰ педагогтері

№3-педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «МДҰ жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру».

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу саласындағы педагогтердің жұмыс сапасын арттыру, осы бағыттағы жұмыстың мазмұны мен нысандарын жаңарту.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2.Сөз сөйлеу– презентация: «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музей педагогикасы». 3.«Мектеп жасына дейінгі балаларды музыка құралдары арқылы адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» тақырыбына сөз сөйлеу. 4. Тақырыптық тексеру нәтижелері. 5. Іскерлік ойын (викторина) 6.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

№3-педагогикалық кеңеске дайындық

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбиенің ерекшеліктері» оқыту семинары.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Патриоттық сезімдер, адамгершілік тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде» тақырыбына консультация.	Ақпан	Меңгеруші, тәрбиешілер
Осы тақырыптағы білім беру қызметін ашық қарау бойынша тақырыптық бақылауды талдау.	Қаңтар-ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
«Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу жұмысында интербелсенді әдістерді қолдану» шеберлік сағаты.	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер
Педагогтердің бұл мәселені әртүрлі сайттар арқылы өз бетінше зерттеуі. Өз білімін жетілдіру арқылы құзыреттілікті арттыру резервтерін іздеу.	Қаңтар-ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер

№4-педагогикалық кеңес **Тақырыбы:** «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді әдістерін іздеу». **Мақсаты:** МДҰ-да мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1.Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау. 2.Педагогикалық шеберхана (тақырыптық бақылау нәтижелері). 3.«МДҰ-да экологиялық-дамытушы ортаны құру» жұмыс тәжірибесі» тақырыбында сөз сөйлеу. 4.Терезе ернек тақтайындағы бақшалар байқауы. 5.«Экологиялық сауаттылық» іскерлік ойыны. 6.Қорытындылау. Педагогикалық кеңестің шешімі.	Сәуір	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер .
№4-педагогикалық кеңеске дайындық		
Консультациялар: «МДҰ экологиялық соқпақ жол, балаларды қоршаған табиғат әлемімен таныстыру құралы ретінде».	Наурыз	Әдіскер, педагогтер
Шеберлік сағаты: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілігін, руханияты мен интеллектісін тәрбиелеу мен дамытудың бір түрі ретіндегі МДҰ экологиялық соқпақ жол».	Сәуір	Әдіскер, педагогтер
№5-педагогикалық кеңес **Тақырыбы:«2025– 2026 оқу жылының қорытындысын шығару: талдау, қорытындылар, перспективалар. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту».** **Мақсаты:** оқу жылын талдау және қорытындылау. Келесі жылға міндеттер мен басым бағыттарды анықтап қою. - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. №4-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2025 -2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 20256-202 оқу жылындағы жұмысты талдау.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер,

3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025-2026 оқу жылындағы қызметінің есептері. 6. 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2025- 2026 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.		мамандар
№5-педагогикалық кеңеске дайындық		
Тәрбиеленушілердің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу.	Мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике
Ата-аналардан сауалнама алу: «Педагогикалық ұжымның жұмысын бағалау».	Мамыр	Әдіскер
Дене дамуын және дене дайындығын бақылау.	Мамыр	Әдіскер
Тәрбиешілер мен мамандардың шығармашылық есептері.	Сәуір-мамыр	Әдіскер, мамандар, тәрбиешілер, мейірбике

ЖШС «Balym-Ai» бобекжай-балабақшасы

БҰЙЫРЫҚ № 52

«26» тамыз 2025ж. **Манкент ауылы**

Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту және оның қызметін ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен өзгертілген) «Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес, білім беру ұйымын алқалы басқаруды жүзеге асыру, оқу-тәрбие процесін жетілдіру және педагогикалық ұжымның белсенділігін арттыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

2025-2026 оқу жылына арналған Педагогикалық кеңестің құрамы келесідей бекітілсін:

Педагогикалық кеңестің төрағасы: _____Толендиева Г.Б.

- **Педагогикалық кеңестің хатшысы:**_____Ахмадсалиева Д.Б
- **Педагогикалық кеңестің мүшелері:** Әдіскер:_____Садыкова А.Т
- Педагогтар: Халниязова С.Х. Абдураимова Н.А. Шарасулова М.Н.
- Орзиева У. Холмуратова Х. Байханова М. Тоева М. Анарметова С. Миташева Д.

· 2025-2026 оқу жылына арналған Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары мен отырыстардың өткізілу кестесі (№1 қосымшаға сәйкес) бекітілсін.

· Педагогикалық кеңестің хатшысы Ахмадсалиева Д.Б отырыстар өткізілгенге дейін 10 күнтізбелік күн бұрын оның күн тәртібі мен өткізілу орнын жариялап, хаттамалардың заңдылыққа сай рәсімделуін және сақталуын қамтамасыз етсін.

· Педагогикалық кеңес қабылдаған шешімдер мен қаулылардың орындалуы ұйымның барлық педагогтері мен қызметкерлері үшін міндетті деп белгіленсін.

1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

Ұйым басшысы (Меңгеруші): _____ Толендиева Г.Б.

2025-2026 оқу жылына№1-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

2025 жылы «26» тамыз
Қатысқандар: 19

Болмағандар:0

«Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау.»

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Жазғы сауықтырудың нәтижелері.
3. 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:
- мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- педагог қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп және біліктілік санаттары;
- балалардың кешенді қауіпсіздігінің стратегиясы: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?
4. Бекіту:
- вариативті, жеке, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды, ҰІӘ, күн тәртібінің регламентін;
- педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;
- 2025– 2026 оқу жылында педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
- үйірме жұмысының циклограммаларын;
- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
- аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;
- инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту.
5. Ата-аналармен жүргізілетін (заңды өкілдермен) жұмыстың жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып балабақша меңгерушісі Толендиева Гаухар Бекасыловна сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақшамыздың аудан/қаланың барлық балабақшаларының арасындағы рейтингі анықталды. Рейтинг бойынша көрсеткіштің неліктен төмен немесе жоғары болуының себебін түсіндірді, осы бағыттағы жұмыстың негізгі перспективаларын белгіледі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Муханова Н сөз сөйледі. Балабақша мейірбикесі балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болғандықтан және балалардың ашық су айдындарында шомылуына мүмкіндік көп болғанына байланысты бұл олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы кезеңде ауладағы бассейнде жүзу ҰІӘ өткізілді (егер бар болса, жазғы кезеңде үрлемелі бассейндерді ұйымдастыруға болады). Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде “Balym-Ai” балабақшасының педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскеріСадыкова А.Т сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025– 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ,

жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Балабақшаның 2025– 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылдансын:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

- Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөз сөйледі.

Шешім: 3. Вариативті, жеке, бейімделген, дамытушы бағдарламаларды, ҰІӘ, күн тәртібінің регламенті бекітілсін.
Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін.
Педагог қызметкерлердің 2025– 2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру жоспарлары және үйірме жұмысының циклограммалары бекітілсін.
Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы бекітілсін.
Инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садықова А.Т сөз сөйледі. Ол балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

Шешім: 4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға: **Толендиева Г.Б**

Хатшы: **Ахмадсалиева Д.Б**

2025-2026 оқу жылының №2-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

2025 жылғы «26» қараша
Қатысқандар: 19

Болмағандар: ___0___

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін жүзеге асыру шеңберінде STEM-технологияларды баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде қолдану».

(тақырыптың жобасы)

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (меңгеруші).
2. «Үздік жобалық қызмет» конкурсының қорытындысын талқылау (әдіскер).
3. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі (әдіскер).
4. «Педагог жәрмеңкесі» өзінің жұмыс тәжірибесін таныстыру (біліктілік санатын арттыруға үміткер педагогтер, баяндамашы әдіскер, қосымша баяндамашы тәрбиешілер).
5. Жол көлік оқиғалары жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Бастапқы мониторинг қорытындысы (әдіскер).
7. Әртүрлі.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек

үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың № және өткізілген күні) орындалды деп танылды:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жауапты: балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б

Мерзімі: тұрақты.

«Үздік жобалық қызмет» конкурсының қорытындысын талқылау (әдіскер).

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садықова А.Т сөз сөйледі. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысы бойынша келесі педагогтер атап өтілді Халниязова С., Абдураимова Н. Әдіскер қала/аудан бойынша педагогтердің тәжірибесін таратуды және БАҚ-та жариялауды ұсынды.

Шешім: 2. Балабақшада конкурстар өткізу және жобалау қызметін енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру:
«бірауыздан» –ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Мерзімі: 2026 жылғы ақпанға дейін.

Үшінші мәселе бойынша: балабақша әдіскері Садықова А.Т және топ тәрбиешілері сөз сөйледі. Тақырыптық бақылаудың қорытындысы шығарылды: «Баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде STEM-технологияны енгізудің тиімділігі».

Шешім: 3.

Балалардың негізгі дағдыларын дамытуға CRM технологиялардың пайдалы әсерін ескере отырып, оларды білім беру процесіне енгізуді жалғастыру.

Күнделікті жұмыста STEM-әдістемелерді тиімдірек пайдалану мақсатында педагогтер үшін қосымша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.

Техникалық базаны жақсарту үшін қосымша ресурстарды тарту: грант бағдарламаларына қатысу немесе қажетті материалдар мен жабдықтарды қамтамасыз ету үшін демеушілерді тарту мүмкіндігін қарастыру;

Шеберлік сағаттары мен бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен жұмысты жандандыру:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Мерзімі: 2026 жылғы науырызға дейін.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садықова А.Тсөз сөйледі.

«Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің тұсаукесерін

қорытындылады. Педагогтер STEM, жобалық және ойын оқыту әдістері сияқты заманауи білім беру технологияларын енгізудің табысты тәжірибесін көрсетті. Балаларды дамыту және олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін цифрлық құралдарды қолдану мысалдары әріптестер арасында қолдау тапты.

Шешім: 4.

Білім беру қызметінде жаңашыл әдістер мен технологияларды қолдануды кеңейту және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты жандандыру, табысты әдістемелерді өзара алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру.

Ата-аналарды тәрбие-білім беру процесіне тарту үшін жаңа жобалар әзірлеу, бірлескен іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру:

«бірауыздан» ия; «қарсы» жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Мерзімі: 2026 жылғы мамырға дейін.

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ТолендиеваГ.Б сөз сөйледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар арасында жол-көлік жарақатын азайту жөніндегі профилактикалық жұмыс жоспарын талқылау барысында мынадай аспектілер қарастырылды.

Іс-шаралар мен ойын формалары арқылы балалардың жолда қауіпсіз жүріс-тұрысын қалыптастыру.

Жол қозғалысы ережелері және өз балаларының қауіпсіздігі үшін жауапкершілігі туралы ата-аналардың хабардарлығын арттыру.

Балалар және олардың отбасыларымен жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізу арқылы балалардың жол-көлік оқиғаларында жарақат алу жағдайларының санын азайту.

Келесі іс-шаралар жоспарланды.

Балаларға арналған ай сайынғы тақырыптық ойындар.

Ойын алаңдарын құру және пайдалану.

Конкурстар мен викториналар өткізу.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі тақырыбында суреттер мен қолөнер конкурстарын, сондай-ақ ЖҚЕ туралы білімді бекітуге бағытталған викториналарды ұйымдастыру.

Жол полициясы қызметкерлерін қатыстыра отырып, интерактивті іс-шаралар өткізу.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі апталығы.

Бағдарламаға жолдағы қауіпсіздік тақырыбында театрландырылған қойылымдарды, көріністер мен флешмобтар енгізе отырып, тақырыптық апталар өткізу.

2025-2026 оқу жылының №3-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

2026 жылғы «16» наурыз
Қатысқандар: 19
Болмағандар: 0

«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру».
(тақырыптың жобасы)

Өткізу формасы: «Іскерлік ойын».

Күн тәртібі:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. «Педагогтің адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың түрлі тәсілдерін енгізу бойынша балалармен бірлескен қызметінің фрагменттері» атты бейнелі очерк (баяндамашы әдіскер, қосымша баяндамашы тәрбиешілер).
3. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлеме» педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындыларын талқылау (әдіскер).
4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны бағалау, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін жағдайлар, түрлі құралдар болуы» (әдіскер).
5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы: шаралар, міндеттер және қызметкерлердің жауапкершілігі (МДҰ меңгерушісі).
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

педагогтердің кәсібилігінің жоғары деңгейін және патриоттық тәрбие берудегі әдістемелік тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетті.

Шешім: 3.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеуге белсенді қатысқаны және креативтілік көрсеткені үшін алғыс білдіре отырып, конкурсқа қатысушылардың жоғары кәсіби деңгейін атап өту.

2. Балабақшалардың практикалық қызметіне балаларда патриоттық сезімдерді қалыптастырудың өзіндік тәсілдері мен тиімді әдістерімен ерекшеленетін үздік әзірлемелерді енгізуді ұсыну:
«бірауыздан» –ия ; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жауапты: Садықова А.Т балабақшасының әдіскері.

Мерзімі: 2026 жылғы 16 наурыз .

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садықова А.Т сөзі тыңдалды, ол қатысушыларды жылдық жоспарға сәйкес жүргізілетін тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша талдамалық анықтамамен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жағдайында тәрбие-білім беру процесіне түбегейлі жаңа талаптар қойылады. Тақырыптық бақылау шеңберінде мынадай мәселелер зерделенді: балабақшаның білім беру ортасы, дамытушы ортаны балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті шарты ретінде құру. Балабақша әдіскері Садықова А.Т топтарда дамытушы ортаны ұйымдастырудың оңды және жағымсыз жақтарын атап өтті, бірқатар проблемаларды анықтады, педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделіне сәйкес дамушы кеңістікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар берді.

Шешім: 4. Педагогтердің әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру бойынша кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөзі тыңдалды. Сөз сөйлеу барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерді, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға жауапкершілігін қоса алғанда, білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қозғалды. Қызметкерлердің жауапкершілігіне назар аударды:

педагогтердің кәсібилігінің жоғары деңгейін және патриоттық тәрбие берудегі әдістемелік тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетті.

Шешім: 3.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеуге белсенді қатысқаны және креативтілік көрсеткені үшін алғыс білдіре отырып, конкурсқа қатысушылардың жоғары кәсіби деңгейін атап өту.

2. Балабақшалардың практикалық қызметіне балаларда патриоттық сезімдерді қалыптастырудың өзіндік тәсілдері мен тиімді әдістерімен ерекшеленетін үздік әзірлемелерді енгізуді ұсыну:
«бірауыздан» –ия ; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жауапты: Садықова А.Т балабақшасының әдіскері.

Мерзімі: 2026 жылғы 16 наурыз .

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садықова А.Т сөзі тыңдалды, ол қатысушыларды жылдық жоспарға сәйкес жүргізілетін тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша талдамалық анықтамамен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жағдайында тәрбие-білім беру процесіне түбегейлі жаңа талаптар қойылады. Тақырыптық бақылау шеңберінде мынадай мәселелер зерделенді: балабақшаның білім беру ортасы, дамытушы ортаны балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті шарты ретінде құру. Балабақша әдіскері Садықова А.Т топтарда дамытушы ортаны ұйымдастырудың оңды және жағымсыз жақтарын атап өтті, бірқатар проблемаларды анықтады, педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделіне сәйкес дамушы кеңістікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар берді.

Шешім: 4. Педагогтердің әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру бойынша кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөзі тыңдалды. Сөз сөйлеу барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерді, сондай-ақ олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауға жауапкершілігін қоса алғанда, білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері қозғалды. Қызметкерлердің жауапкершілігіне назар аударды:

- заңдық жауапкершілік: сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жағдайда, қызметкерлер заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін;
- тәртіптік жауапкершілік: сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзғаны үшін сөгіс беру, жұмыстан босату және білім беру ұйымдарында одан әрі жұмыс істеуге тыйым салуды қоса алғанда, тәртіптік шаралар көзделген;
- этикалық жауапкершілік: қызметкерлер педагогикалық этика нормаларын сақтауға және мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін кез келген әрекеттердің алдын алуға міндетті.

Шешім: 5.

1. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар кешені бекітілсін, оның ішінде:
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша ішкі регламенттерді әзірлеу;
- барлық қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері жөнінде оқыту іс-шараларын тұрақты өткізу;
- балабақшаның ресми сайттары мен ақпараттық стендтерінде қаржылық деректерді қоса алғанда, қызмет туралы ақпаратты орналастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын бақылауға бағытталған есептілік пен аудиттің міндетті тетіктерін енгізу.

Жауапты: Толендиева Г.Б балабақшасының меңгерушісі.

Мерзімі: тұрақты.

«бірауыздан» – ия ; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға: **ТолендиеваГ.Б**

Хатшы: **Ахмадсалиева Д.Б**

2025-2026 оқу жылының №4-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

2026 жылғы «_29_» мамыр.
Қатысқандар:19

Болмағандар: 0

Қорытынды
(тақырыптың жобасы)

Өткізу формасы: дөңгелек үстел.
Күн тәртібі:

1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау (МДҰ меңгерушісі).
3. Балалардың даму мониторингін талдау (әдіскер).
4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмысы туралы есебі (топтардың тәрбиешілері).
5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2025-2026 оқу жылындағы қызметінің есептері (мамандар).
6. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасын анықтау (МДҰ меңгерушісі).
7. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі г.Б Толендиева сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі (хаттаманың № және өткізілген күні) орындалды деп танылды:
«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жауапты: балабақша меңгерушісі Г.Б Толендиева.

Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Б Толендиева сөз сөйледі. Баяндама барысында меңгеруші балабақшаның өткен оқу жылындағы жұмысының нәтижелері туралы есепті, сондай-ақ МДТБ МЖМС шеңберінде орындалған міндеттер мен жеткен жетістіктерді талдауды ұсынды. Талқылаудың негізгі аспектілеріне білім беру қызметі, балалардың даму нәтижелері, ата-аналармен өзара әрекеттесу және балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту кірді. Оқу жылына қойылған барлық негізгі міндеттер орындалды. Педагогтер білім беру процесінде заманауи әдістер мен технологияларды белсенді қолданды, бұл балалардың білім деңгейі мен дағдыларын арттыруға ықпал етті.

Шешім: 2.

1. Балабақша ұжымының 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, тәрбие-білім беру қызметі мен балалардың дамуындағы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жоғары нәтижелер атап өтілсін.
2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарында мынадай бағыттарға назар аудару керек:

- дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру;
- балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған жаңа білім беру технологияларын енгізу;
- тұрақты кездесулер, бірлескен жобалар мен іс-шаралар өткізу арқылы ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту:

«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жауапты: балабақшаның меңгерушісі, әдіскері А.Т Садыкова.

Мерзімі: 1 жылға дейін.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Садыкова А.Тсөз сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелеріне тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі бағыттары бойынша балалардың даму деңгейін бағалау, жеке жетістіктердің динамикасын, сондай-ақ білім беру процесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау. Топтардағы балалардың жалпы даму деңгейі жас нормаларына сәйкес келеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы толық көлемде жүзеге асырылады, бұл олардың дамуына жағымды әсер етеді.

Негізгі басым жақтары:

- балалардың тұрақты әлеуметтік-коммуникативтік дамуы, ұжымда өзара әрекеттестікке дайындығы;

- ересек топтағы балалардың сөйлеуінің дамуы мен танымдық белсенділігінің жоғары деңгейдегі нәтижелері;
- балалардың шығармашылық ҰІӘ қызығушылығының жоғары болуы және көркем-эстетикалық іс-шараларға белсенді қатысуы.

Қосымша назар аударуды қажет ететін проблемалық аймақтар:
- кіші топтарда ұсақ мотериканы дамыту және қозғалыстарды үйлестіру жөніндегі жұмысты күшейту қажеттілігі;
- артикуляция және жүйелі сөйлеуінде проблемалары бар балалармен сөйлеу ҰІӘ көбірек көңіл бөлу;
- кейбір балалардың зейіні мен еске сақтауын дамыту үшін қосымша ҰІӘ жүргізу.

Шешім: 3.

1. Логопед пен педагогтердің артикуляция және жүйелі сөйлеуді қалыптастыруда қиындықтарға тап болған балалармен сөйлеуді дамыту жөніндегі жұмысын күшейту. Ойын түрінде ҰІӘ қосымша жаттығулар әзірлеу.
2. Балалардың дене дамуы бойынша қосымша ҰІӘ өткізу, әсіресе кіші топтарда үйлестіру мен ұсақ мотериканы дамытуға арналған жаттығулар өткізу.
3. Ата-аналарға сөйлеуді және ұсақ мотериканы дамыту бойынша кеңес беруді ұйымдастыру, оларға үйде балалармен ҰІӘ өткізуге арналған ойындар мен жаттығулар ұсыну.
4. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму картасына өзгерістер енгізу:

«бірауыздан» – ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» –жоқ.

Жауапты: балабақшаның әдіскері А.Т Садыкова.

Мерзімі: 1 жылға дейін.

Жоспардың төртінші тармағы бойынша топ тәрбиешілері есеп берді.

Жоспардың бесінші тармағы бойынша балабақша мамандары есеп берді.

Шешім: 4. 5.

1. Тәрбиешілер мен мамандардың 2025-2026 оқу жылындағы есептері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қалалық/аудандық деңгейде педагогтердің үздік тәжірибесін жалпылау (педагогтердің деректерін тізімдеу), “Balym-Ai1 балабақша педагогтерінің жұмыстарын облыстық (аудандық/қалалық) конференцияда жариялау үшін (педагогтердің деректерін тізімдеу) ұсыну және т.б.

Жауапты: балабақшаның әдіскері Саыкова А.Т.

Мерзімі: 2027 жылға дейін.

«бірауыздан» – ия ; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Жоспардың алтыншы тармағы бойынша балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б сөз сөйледі, ол педагогтерді мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2026-2027 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныстырды.

Шешім: 6.

1. Педагогтер мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері Садыкова А.Т.

Жоспардың жетінші тармағы бойынша балабақша әдіскері Садыкова А.Т сөз сөйледі, ол педагогтерді 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыстың негізгі міндеттерімен таныстырды.

Шешім: 7.

Педагогтер жұмыс жоспарының жобасымен таныссын және түзетулер енгізсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері Садыкова А.Т.

Жоспардың сегізінші тармағы бойынша балабақша мейірбикесі Муханова Н сөз сөйледі, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды.

Шешім: 8.

1. 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарының жобасы өзгеріссіз бекітілсін.

Жауапты: балабақшаның әдіскері, мейірбикесі Садыкова А.Т,Муханова Н.

Мерзімі: 2027 жылға дейін.

«бірауыздан» –ия; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төраға: **Толендиева Г.Б**

Хатшы: **Ахмадсалиева Д.Б**

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ №5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «29» мамыр 2026 жыл
Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Қатысқандар: 19 педагог (Балабақша меңгерушісі, әдіскер, топ тәрбиешілері, музыкалық жетекші, дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-психолог, логопед).
Қатыспағандар: Жоқ.
Төрайым: Толендиева Г.Б – Балабақша меңгерушісі
Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б – психолог

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **№4-педагогикалық кеңестің** шешімдерін орындау.
2. **2025-2026 оқу жылындағы** жұмыстың нәтижелілігі, 2025-2026 оқу жылындағы жұмысты талдау.
3. **Балалардың даму мониторингін** талдау (қорытынды).
4. **Топ тәрбиешілерінің** оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есебі.
5. **Мектепке дейінгі ұйым мамандарының** 2025-2026 оқу жылындағы қызметінің есептері.
6. **2025-2026 оқу жылына арналған** мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын анықтау.
7. **2025-2026 оқу жылына арналған** жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.
8. **Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған** жұмыс жоспарын бекіту.
9. **Педагогикалық кеңестің шешімі.**

І. ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ

1. Бірінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Балабақша әдіскері Садыкова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Ол нарықтық және инновациялық бағыттағы тапсырмалардың, сондай-ақ ашық сабақтар мен ата-аналармен жұмыс жоспарының 100% орындалғанын атап өтті. Педагогтердің ескертулері дер кезінде жойылған.

- **Сөз сөйледі:** Ересек топ тәрбиешісі Халниязова С №4 педкеңесте берілген ұсыныстар негізінде топтық бұрыштар толық жаңартылғанын растады.

2. Екінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Толендиева Г.Б 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігіне тоқталды. Оқу жылы бойы балабақша ұжымы мемлекеттік стандартты басшылыққа ала отырып, тәрбие-білім беру сапасын арттыру бағытында нәтижелі жұмыс істеді. Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі және аттестация қорытындылары жоғары деңгейде көрсетілді. Салыстырмалы түрде өткен жылмен қарағанда балалардың қатысымы 8%-ға артқан.
- **Ұсыныс:** Әдіскер Садыкова А.Т келесі оқу жылында цифрлық ресурстарды (АКТ) сабақтарда қолдануды одан әрі дамытуды ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Әдіскер Садыкова А.Т балалардың даму мониторингінің қорытынды талдауын (мамыр айындағы кезең) слайд арқылы көрсетті. Мониторинг нәтижесі бойынша бес даму саласы (Денсаулық, Таным, Қатысым, Шығармашылық, Әлеумет) бойынша балалардың білік пен дағдыларды игеруі: жоғары деңгей – 45%, орта деңгей – 50%, төмен деңгей – 5% құрады. Қыркүйек айымен салыстырғанда жоғары деңгей 18%-ға өскен.
- **Сөз сөйледі:** Ортаңғы топ тәрбиешісі Орзиева У «Қатысым» (тіл дамыту) саласы бойынша кейбір балаларда қиындықтар болғанын, бірақ екінші жартыжылдықтағы жеке жұмыстардың арқасында деңгейдің көтерілгенін айтты.

4. Төртінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Топ тәрбиешілері оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Жыл бойы жоспарланған ертеңгіліктер, ашық іс-әрекеттер, ата-аналармен бірлескен жобалар (көрмелер, тренингтер) толық көлемде жүзеге асырылды. Әр топ өзінің жылдық жетістіктері мен тәрбиеленушілердің қоржынына түскен дипломдарын таныстырды.

5. Бесінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Мектепке дейінгі ұйым мамандарының есептері тыңдалды:

- *Педагог-психолог:* Балалардың балабақшаға бейімделуі және ересек топтардың мектепке психологиялық дайындық деңгейінің қорытындысын баяндады.
- *Музыкалық жетекші:* Жыл бойы өткен мәдени-бұқаралық шаралар мен ертеңгіліктердің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтты.
- *Дене шынықтыру нұсқаушысы:* Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігі мен спорттық жарыстардың нәтижелерін көрсетті.

6. Алтыншы мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Әдіскер Садыкова А.Т 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттарының жобасын ұсынды. Жаңа оқу жылында балалардың еркін сөйлеу дағдыларын дамыту, экологиялық тәрбие және инклюзивті ортаны қолдау бағыттары басты назарда болатыны анықталды.

7. Жетінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Педагогикалық кеңес мүшелері келесі 2025-2026 оқу жылына арналған 3 негізгі жылдық міндеттердің жобасын талқылап, бірігіп бекітті (міндеттер мазмұны шешім бөлімінде көрсетілген).

8. Сегізінші мәселе бойынша:

- **Тыңдалды:** Әдіскер Садыкова А.Т жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. 1 маусымнан бастап балабақша жазғы икемделген күн тәртібіне көшеді. Шаралар негізінен ашық ауада шынықтыру, спорттық және ойын-сауық түрінде ұйымдастырылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қатаң нұсқаулық берілді.

II. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. №4-педагогикалық кеңестің шешімдері «толық орындалды» деп есептелсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының нәтижелілігіне жасалған талдау мақұлдансын, ұжым жұмысы **«қанағаттанарлық»** деп бағалансын.
3. Балалардың қорытынды даму мониторингінің нәтижелері бекітілсін. Төмен деңгей көрсеткен балалармен жазғы кезеңде және келесі оқу жылының басында жеке түзету жұмыстары жоспарлансын.

4. Топ тәрбиешілері мен мамандардың 2025-2026 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы есептері қабылдансын.
5. 2026-2027 оқу жылына арналған қызметтің негізгі бағыттарының жобасы мақұлдансын және **жылдық міндеттер төмендегідей нақтыланып бекітілсін:**
   - *1-міндет:* Балалардың тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерін инновациялық технологиялар арқылы дамыту.
   - *2-міндет:* Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықты қалыптастыру.
6. 2026 жылдың жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жаз айларында балалардың қауіпсіздігі мен өмірін қорғауға тәрбиешілер мен мамандар тікелей жауапты деп бекітілсін.

Төрайым: Толендиева Г.Б

Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б